



Ежелі қазақ қалалары

Баласағұн Қазақстан жерінде

Кең байтақ жерінің табиғи-географиялық жағдайына икемделіп, қазақ халқы отырықшы, көшпелі және жартылай көшпелі болып өмір сүріп көне заманнан-ақ өзінің заттай және рухани мәдениетін дамыта білген. Еліміздегі сақталып келген археологиялық, архитектуралық, фольклорлық, жазба және басқадай тарихи ескерткіштер бұған күә бола алады. Археологиялық ескерткіштер — Қазақстан тарихының ертедегі дәуірлерін сәулелендіретін күнды, оқылмай жатқан «кітаптар». Олардың көп ғасырлар бойы сақталып келген сырты көп, оларды археологтар ғылыми түрғыдан енді ғана аша бағастады. Сол деректерге сүйене отырып, жалпы халықтық мәдениетіміздің тарихына тереңірек қаруға мүмкіншілік таптық.

Ертедегі орта ғасырда Қазақстанда отырықшы мәдениеттің орталығына айналған үлкендей-кішілі қалалар көп болған. Арабтың X ғасырдағы ұлы географтардың бірі. Эл-Макдиси «Ахсан ат-такасим фи-Ма рифат ал-акалим» деген еңбегінде Орта Азия және Қазақстан-

ның көптеген қалаларын сипаттап жазған. Осы ғалым Қазақстанның онтустік және шығыс жағында 200-ден астам қала бар екенін баяндапты... Олардың ішінде дүниеге әйгілі, мемлекет астанасы болған ірі-ірі қалалар да болған. Солардың бірі, Шу өзенінің өңірінде орналасқан Баласағұн қаласы. Өкінішке орай, Баласағұның орналасқан жерін анықтау өте кынға соғып келді. Себебі, Шу, Талас өзендерінін алқаптарында біздің дәуірге дейін сақталып қалған ортағасырлық қалалардың орындары көп кездеседі. Заманы ескірғендіктен, олардың көпшілігі өздерінің алғашқы аттарын қойған. Ол қалалар біздің дәуірімізге үлкендей-кішілі төбелер күйінде жеткен.

Ортағасырлық ұлы ғалым, біздің жерлесіміз Жүсіп Баласағұны өзінің тамаша «Құтты білік» поэмасында бұрынғы өткен өмірге көз жіберіп:

...Болған талай қалалар да халық та,
Уақыт көмді бәрін жердей табытқа.
Болған талай ауылымыз, тайпамыз.
Енді соның ізін тауып байқаңыз... —
дейді. (Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» Алматы, «Жазушы». 1986. 602-бет).

Ұлы ғалым адам баласының тарихына диалектикалық түрғыдан қарап, әртүрлі себептермен бұрын отырықшы мәдениеттің орталығы болған талай-талай қалалардың жоқ болып кеткенін, олар құлап, жермен-жексен болғанын баяндайды. Жердің табытына беленгендердің бірі тарихта әйгілі Баласағұн қаласы. Оның қай жерде болғанын шығыстанушы ғалымдар XIX ға-

сырдан бері іздеуде. Олар бұл қала жөніндегі бірнеше пікірлер айтумен шектелген. Бұл ғылыми түрғыдан осы күнге дейін қараптырылған жоқ.

1893—1894 жылдары академик В. В. Бартольд Талас, Шу өнірлеріне келіп, бұл жерлерден қираған көптеген ортағасырлық қалалардың орнын көрген. Осы саяхат кезіндегі зерттеу жұмысының нәтижесін ғылыми мақала етіп жазған. Осы еңбегінде мүмкін Ақбешімнің Баласағұн болуы, Бурана оның шетіндегі қалалық орындары сияқты, бірақ, Баласағұнның қай жерде екенін дәлелдейтін деректер жеткіліксіз деп, Баласағұнды Таластың (Тараз) шығыс солтүстігінен — Шу өзенінің бойынан іздеу керектігін айтқан болатын. Бұл пікірін өзінің «Баласағұн» деген мақаласында да қайталаған.

В. В. Бартольдтан кейін де, Қазан революциясынан соң да Баласағұнды іздеу тоқтатылған жоқ. Шу өніріндегі көптеген ортағасырлық орындарын көріп, совет археологтары, тарихшылары әртүрлі пікірлер айтқан болатын. Солардың бірі, белгілі шығыстанушы профессор А. Н. Бернштам. Ол Тоқмақ қаласының қасындағы ортағасырлық Ақбешім және Бурана қоныстарында қазба жұмыстарын жүргізеді. 1953—1955 жылдардағы осы қалалардан табылған археологиялық деректердің нәтижесін мақала етіп жариялаган. Осы ғылыми енбекте, А. Н. Бернштам мен Л. Р. Қызласов Ақбешім қонысын Баласағұн деп дәлелдеген ғылыми енбектерде, Қырғызстанның тарихында, килем карталарда Ақбешімнің орнына Баласағұн деп жазылып та кетті. Осы ғылыми тұжырым кен өріс алып, көптеген ғалымдар және мәдени қызыметкерлер Ақбешімді, Баласағұнға айналдырыды. Бірақ бұл пікір ұзақ уақыт өмір суре алмады.

А. Н. Бернштам қайтыс болғаннан кейін, онын шәкірті — археолог Л. Р. Қызласов Ақбешімдегі қазу жұмысын жалғастырып, табылған археологиялық деректерге сүйеніп, қолдан табылған заттар, тарихта белгілі Баласағұнның өмірін сөулелендіре алмайтынын ғылыми енбектерінде дәлелдеген және Ақбешім Баласағұн емес деп ашық айтқан. (Қызласов Л. Р. Раскопки древнего

Баласагуна. Вестник МГУ. Сер. Общ. Наук, 1958, № 11). Л. Р. Қызласов Ақбешімнің қасындағы Бурананы зерттеп, қараған түріктері кезінде Бурананың ірге тасы X ғасырда қаланғанын да анықтады. Осы екі қаладағы археологиялық зерттеудің нәтижесінде Л. Р. Қызласов Ақбешім де, Бурана да Баласағұн қаласы бола алмайды, себебі, бұл қалалардың өмір сүрген кезеңдері, Баласағұнға тура келмейді деген. Қазір Р. Қызласов Москва мемлекеттік университетінің профессоры, ССРО Мемлекеттік және Ломоносов атындағы сыйлықтың лауреаты. 1989 ж. наурызда Алматыға келгенде кездесіп сұрағанда, Баласағұн жөніндегі пікірінің өзгермегенін білдірді.

Л. Р. Қызласовтың пікірін П. Н. Кожемяко Шу өніріндегі ертедегі ортағасыр қалаларының орындарын археологиялық жақтан зерттеп, «Раннесредневековые города и населения Чуйской долины» деген еңбегін жарыққа шығарды. Бұл қоныстарды кішігірім шүқырлар қазып, содан табылған археологиялық заттарға қарап, сол естеліктердің жасаған дәуірлерін белгілеген және олардың схемалық (үлгі) жоспарларын жасаған. Солардың ішінде, Бурана қонысын зерттеп, ол IX ғ. салынып, XII ғ. дейін өмір сүрген деген тұжырымға келген. Яғни, Қарахан династиясы кезінде дүниеге келген қалаға үқсайды. Сол дәуірден қалған мұнара сакталған. Солай болса, Бурананың өмір сүрген дәуірі Баласағұнға тура келмейді. Тарихта жазылып қалған деректер бойынша Баласағұн VI ғасырда ірге тасы қаланып, XIII ғасырға дейін жасаған қала.

Сейтіп, археологиялық зерттеудердің барысында Ақбешім қонысы Баласағұн болмағанына көзі жеткен соң, Қырғызстан тарихшылары жоғарыдағы аты аталаған Бурананы Баласағұн деп ғылыми енбектерде тағы жарияладап жіберді. Содан бері қырық жылдан астамырақ уақыт өтсе де Бурананы Баласағұн деген атпенен жазып келе жатыр. Қырғыз ССР-нің бес томдық тарихының, бірінші томында Баласағұнның қай жерде орналасқаны жөнінде ғалымдардың әртүрлі пікірлері бар. Солай болса да Тоқмақтан қашық емес

жерде орналасқан Бурана — Баласағұн болу керек дөлінген. Бұл пікірді болжау деп қарауға болмайды. Себебі, осы кітаптың көп жерінде, Бурананың Баласағұн екенін анық жазған және картада көрсеткен. Сөйтіп, Қырғызстан тарихшылары Баласағұн қаласы өздерінің жерінде орналасқанын дәлелдеуге тырысуда. Мақсат — бұл кала қай республиканың жерінде болғанын дәлелдеу емес, оны ғылыми түрғыдан, тілге тиек болатындағы дәлелдермен көрсету керек. Себебі, Баласағұн тарихта көп жазылып қалған қала. Оны жеңіл-желпі деректермен дәлелдеу мүмкін емес. Осы түрғыдан қарағанда, Ақбешім де, Бурана да Баласағұн болуы мүмкін емес.

Енді Баласағұн деп жүрген Буранаға зер салайық. Бурана — Тоқмақ қаласының оңтүстігінде 15 км жерде. Бурана өзенінің сол жағында орналасқан. Оның ауданы: солтустік-батыс жағы — 570 м. оңтүстігі — 600 м. шығысы — 500 м. Солтустіктен шығысқа қарай екі қатар тартаулыған уш бұрыш сызық сияқты ордың (қамал) қалдығы сакталған. Бурана қаласында цитадель — орталық бекініс-болмаған.

Бұл келтірілген деректерден Бурананың Баласағұнға ешбір жақындаспайтыны көрініп-ак тұр. Оның көлемі кішкентай. Х. ғ. арабтың географы, саяхатшысы Ибн Хаукал өзінің «Сурат аль-Ара» деген еңбегінде Фергананың Ахшикең, Кубал, Узген, Ош және тағы басқа Орта Азия қалаларында болғанын баяндаї келіп, Ферғана қаласында цитадель (кухендіз) оның ішінде шахристан (медина) орналасқан, олардың шет жағында рабад бар. Үлкен намаз оқытын мешіт күхендиздің сыртын да. Бұткіл Ферғана өнірінде күхендіз, бекініссіз, бау-бақшасыз бір де бір қала жоқ дейді. Солай болса, көп ғасырлар Батыс түрктердің астанасы болған Баласағұнның цитаделі болмаушы ма еді? Баласағұнның орталығы бар екенін талай ортағасырлық авторлар да атап өткен.

Осыған қарамастан, кейінгі жылдары Бурана Баласағұн деп ғылыми енбектерде, карталарда және көркем әдебиеттің өкілдерінің енбектерінде айтылып келе жатыр.

Біздіңше Ақбешім және Бурана

екеуі қосылып Сужабты (Суябы) құраса керек. Бұл пікір тарихи деректерге тұра келді. Мәселен, Қудамы ибн Джәфале өзінің «Китаб ал-харадж» еңбегінде: «Сужаб екі қаладан құрылған. Біреуін Кубал, екіншісін Сагур Кубал. Сагур Кубалдан Барсханға, онан эрі Қытай шекарасына дейін түйемен 15 күндейік жол..» деп көрсеткен. Бұл екі бөлік қаланың біреуі қазіргі Ақбешім, Бұрынғы Сагур Кубал болса, екіншісі Бурана бұрынғы Кубал болуы тиіс. Бұл пікір ғылыми түрғыдан алдағы уақытта анықталуы тиіс. С. Г. Қляшторныйдың болжауы біздің пікірге тұра қеледі: «Батыс түрік қағанаттарының астанасы Сужаб қаласы болған (Қырғызстан республикасындағы Тоқмақ қаласы — қазіргі Ақбешім...)» — дейді ол.

Сөйтіп, жоғарыдағы аты аталған профессор Л. Р. Қызласовтың Ақбешім және Бурана Баласағұн бола алмайды деген ғылыми тұжырымы шындыққа келеді. Бұл қалалардың Баласағұн екенін ғылыми түрғыдан дәлелдеу мүмкін емес.

Олай болса, тарихи Баласағұн қазіргі Шу өніріндегі ортағасырлық қалалардың қайсысы болуы мүмкін? Біздіңше, Жамбыл облысының Шу ауданындағы Калинин атындағы колхоздың жерінде ортағасырлық Ақтөбе деп аталатын үлкен қаланың орны болуы тиіс. Онда Аль Фарabi атындағы Қазак университетінің археологиялық экспедициясы 1974 жылдан бері қазба жұмысын жүргізуде. Қолда бар әдеби және археологиялық этнографиялық мағлұматтарға сүйеніп, осы Ақтөбенің бұрынғы Баласағұн екенін ғылыми түрғыдан дәлелдемекшіміз.

Тарихи деректер бойынша Шу, Талас өнірлеріндегі ертедегі ортағасырда дүниеге әйгілі уш үлкен қала болған: Баласағұн, Сужаб (Суя), Талас (Тараң). Осы ушеуі 603 жылдан кейін Батыс түрік қағанатының астаналары болған. Олардың ішінен ең үлкені, көбірек дүниеге әйгілі — Баласағұн. Бұл қала үлі Жібек жолының Жаркентке (Яркенд) баратын тармактарына орналасқан. Бұл қалаларға соқпай еш саудагерлер, саяхатшылар кете алмаған. Осы жолмен келген жолаушылар «Әулие таудың» үстінен салынған жолмен келіп, Тасөткел

арқылы Шудың оң жағасындағы Тасқалаға келіп, Шудың оң жағын жағалай Қастек асуынан өтіп, одан Ұзынағашқа келген. Одан Жібек жолы Жаркентке қарай созылып жатқан. Сужаб (Суяб) қаласы Жібек жолының ыстықкөл арқылы өтетін тармағында орналасқан. Баласағұн VI ғ. басынан бастап түргештердің (603—756 жылдары, қарлуктардың, (IX—X ғ.ғ.) Қарахандардың, қарақытайтын (Х—ХIII ғғ) астаналары болып, осы мемлекеттердің үлкен экономикалық, саяси және мәдени орталығына айналған. Сондықтан, сол кезде галымдардың, саяхатшылардың еңбектеріне көніл аударсак, VIII ғ. акырында IX ғ. жасаған ұлы Хорезм галымы әл-Хорезмий өзінің дүниежүзінің географиялық картасында Шу, Талас, Жетісу өнірлеріндегі түрік елдері бар екенін көрсеткен. X ғ. аяғында XI ғ. бірінші жартысында жасаған Хорезм елінің ұлы галымы Абу Райхан Беруни өзінің дүниежүзінің географиялық картасында Баласағұнның 91 ендікте, 44 бойлықта орналасқанын, Таластың 89 ендікте, 43 бойлықта жайласқанын көрсеткен. Осы картада Талас (Тараз) қаласын 89—50 ендікте, 43—35 бойлықта көрсеткен. Әзбекстанның белгілі галымы, географ, профессор Хамидулла Хасанов марқұм Птолемейдін, әл-Хорезмийдін, Әл-Берунийдін, Махмуд Қашқаридың және т. б. тарихи географиялық ғылыммен ұзак айналысқан болатын. 1984 ж. осы галыммен кеңескендे, ол осы атап-ған карталардың өзара айырмашылықтарына тоқталып, Баласағұн әл-Берунидің картасында дәл көрсетілген, ол Таластың (Тараздың) шығысында шамамен 200 км. кашықта орналасқан деген болатын. Бұл тұжырым В. В. Бартольдтің болжамына да тұра келеді. Махмуд Қашқар да өзінің дөңгелек картасында Баласағұн жетінші климатта, Таластың шығыс-солтустігінде орналасқанын баяндаған. Бұл галым Баласағұнда түрған, ғылыми еңбектер жазған. Сондықтан, әйгілі галым өзінің «Диван лұғатит-турік» еңбегінде Баласағұн жөнінде толығырақ мағлұмат берген. XIII ғ. акырында, XIV ғ. басында жасаған араб географы Абу-л-Фида Баласағұнның орналасуын картаға салған. Бұл

қала түрік елінде 7-ші климатта орналасқанын баяндаған. Галымның Баласағұнға берген координаты жоғарыдағы айтылған. Ол Берунидің көрсеткен мағлұматына жақын келеді. Солай болса, Баласағұнның түрған жері қазіргі ортағасырлық қаланың орны Ақтөбеге тұра келеді.

Жоғарыдағы галымдардың Баласағұнның орналасқан жерін, картада көрсеткендері бір-бірінен онша айтарлықтай алышқ кетпейді. Олардың барлығы Баласағұн Таластың (Тараздың) шығысында, Шу бойында екенін бірауыздан баяндаиды. Тарихта белгілі, Таластың шығысындағы Баласағұнға дейінгі Жібек жолындағы ірі қалалар — Құлан, Мерке, Аспара, Баласағұн. Осы жолмен жүргенде Талас пен Баласағұнның арасы 200—250 шакырымнан аспайды. Бұл қашықтық Талас пен Ақтөбеге тұра сәйкес келеді.

Ертедегі ортағасырдағы галымдардың еңбектерінде Баласағұнның орналасқан жерінің түрмисқа өтеп қолайлы екені атап көрсетілген. X ғ. жасаған арабтың ұлы географы Эл-Макдиси: «Баласағұн суға бай және халқы көп үлкен қала» деген. Арабтың галымы Махмуд Ибн Вали өзінің «Баҳр Ал-Асрар» деген еңбегінде Баласағұнның қорғанының ені 2,5 гяз (біздінше 5-6 м.) дейді. (Материалы по истории Средней и Центральной Азии X—XIX вв.. 1988, 241-бет). Махмуд ибн Вали Баласағұн жөнінде тағы да былай дейді: «Монғолдар келгенге дейін Баласағұн жақсы сақталған, ғұлденген қала болатын. Оның кейін қирап, азып-тозып қаңырап қалған. Мен бұл кітабымды Балх қаласында жазып болған кезімде, маган Қашқардан келген бір жолаушы мынадай хабар берді: Қашқардың қолбасшысы эскерімен Батыс түріктердегі қалмақтарды бағындыру үшін шабуыл жасады. Шығыстан — солтүстікке қарай жүріп отырып, екі айдан кейін бір қираган қалага келдік. Айналасын құм басқан, үлкен-үлкен үйлердің қираган қабырғаларын көрдік. 4 фарсах (Бір фарсах 6 км.) кашықтықтан сорайып алыстан көрінген мұнаралар, сарайлар, медреселер анық көрінеді. Осы қаланың қасында қалмақтарға жетіп, екі ортада жеңіп Қарабалта өзенінен кейін

қайырып жаңағы қираган қалаға алып келдік. Соңан кейін қолға түс-кен қалмақтардан бұл қай қала деп сұрағанда, олар біздің білетініміз Баласағұн қаласы деп жауап берді. Шығысханның әүлеттері басқарған кезде осындай қирап, топырақ ба-сып қалғанын баяндады. Біздер қа-ланы аралағанда бұзылған үйлердің ішінен тұрмысқа қажетті нәрселер-ді көрдік: қазандар, қыштан жасалған әртүрлі ыдыстар, алашалар және т. б. бұйымдарды кездестірдік. Кейбір бөлмелерде өлген адамдардың денелері жатыр. Бұрын ең жақ-сы үлкен қала болған, қазір қирап қалған. Қаланың аты да естен шык-қан». Осындағы Қарабалта өзені Ақтөбе қаласының батыс бөлігінің үстінен кесіп өтіп, Ақсу өзеніне құя-ды. Солай болатын болса, қашқар-лықтардың келген қаласы апатқа үшыраған, бұлінген Баласағұн болып отыр. Сейтіп, қазіргі Ақтөбе бұрынғы Баласағұн деп дәлелдеуге тілге тиек болып шығады. Махмұд ибн Валидің айтуынша Баласағұнда діни адамдардың арнағы жиналып намаз оқитын 40 жұма мешіті, күн-делікті намаз оқитын 200-ден астам жәй мешіті 20 ханақа және 10 мед-реце орналасқан. В. Д. Горячева Махмұд ибн Валидің бұл берген де-ректеріне күмән келтіріп, Баласағұнда бұндай көп мәдени орындардың болғанын асырыңқырап айтылған дейді.

Махмұд ибн Валидің айтқанына В. Д. Горячеваның күмән келтіру себебі, ол жоғарыдағы аты аталған ортағасырлық көлемі көрсетілгендей үлкен емес Бурана-Баласағұн деп жүрген археологтың бірі. Осындай Бурана сияқты Шаһарға көп санды мәдени орындардың сыймайтынын еске алып, М. Вали Баласағұнның мәдени орындарының асыра айтқан деген пікірге келеді. Баласағұнның бірнеше ғасырлар бойына түрік қа-ғанатының ірі астанасы болғаны ту-ралы тек М. Вали емес, талай ор-тағасыр ғұламалары жазып кеткен. Олар өз заманының шын ғалымда-ры болып, жазған еңбектеріне адам-гершіліктің негізінде қарағандары на күмән болмайтын сияқты.

Біздіңше Махмұд ибн Валидің айтқаны шындыққа келіп, Баласағұнды сәулелендіреді. Махмұд Қаш-ғаридің айтуынша Шу, Талас өңірі-

нің тұрғындары IX ғ. бірінші жарты-сында ислам дінін қабылдаған. Мах-мұд Қашқарі жүртшылыққа белгілі «Диван-луғат-ат-түрк» деген еңбегінде: «Баласағұнның тұрғындары соғ-дийларша және түрікше сөйлейді деген... Исфұжабтан Баласағунға дейінгі қала тұрғындарының тілде-рі жұмсақ келеді» деген. Бұған қа-рағанда IX ғ. бастап-ақ Шу, Талас өңірінің тұрғындары түріктерше жә-не соғдийларша сөйлеген және жазған ғалымы Мухаммед ибн Мансур Мерверруди «Тарих-и Мубаракшах» кітабында «Түрік елінің шығысы Қытайға дейін, батысы Византияға (Рум), солтүстігі — Гога, Магога далағына дейін, оңтүстігі — Ин-дистанға дейінгі жерлерді алып жа-тыр» деген.

Бұл ғалым түрік елдерінің кең байтақ жерді алып жатқанын баян етумен бір қатарда, түріктердің ру-хани мәдениеті жөнінде де хабар береді. «Араб тілінен кейінгі, түрік тілі өте жақсы және жағымды (эс-ерлі) тіл. Туріктердің жазуы болған. Олар жаратылыстағы құбы-лыстардың заңдылығын иеленген. Балаларын оқытып, сауатын аштырған. Олардың жазуы екі түрлі болған: біреуі соғдийларша, екіншісі — тоғуз-гүзектерше. Түріктер өлеңдер жаза білген — қасида және рубаи. Бізге олардың мағынасы өте зор рубайлары жеткен, — деп жазады. (Аталған кітапта) Арабтың ғалы-мы, энциклопедисі, саяхатшысы Иа-кут ибн Абуллах ар-Румиал-Хамава (1179—1229) Баласағұн туралы бы-лай дейді: «Баласағұн түріктермен шекаралас қала... Бұл қаладан бір топ ғұламалар шыққан. Олардың ортағасынан Абу Абдаллах Мұхаммед ибн Муса әл-Баласағұн шыққан. Ол кісі Ат-Түрік деген есіммен дүниеге белгілі. Ол Бағдадтағы Абу Абдаллах ад-Дамағани қади Ханифта оқы-ған. Одан кейін ол Шамға (Сиріяға) барып, ол жерде Байт-ал-Муқаддас қади қызметін атқарған. Онан соң, ол Дамаскіде қызмет еткен». В. В. Бартольд Баласағұннан ақын Жүсіп (Юсуф) хас-Хаджиб шык-қандығын, ол «Құтты білік» поэма-сын жазғандығын атап айтқан.

«Құтты білік» дастанын көне түрік тілінен аударған және алғы-сөзі мен түсініктерін жазған қазақ жазушысы Асқар Егеубаев алғысе-

зінде Жұсіп Баласағұн жөнінде: «Қазір бүкіл шығыс зерттеуші ғалымдардың назарын күн санап өзіне аудара түсken «Құтадғу білік» 1069—1070 жылдары он сегіз айдың ішінде жазылған. Авторы: Жетісу өңірінің Шу өзенінің бойындағы тарихқа ықылым заманнан белгілі ірі шаһарлардың бірі Баласағұнда (Құзорда деп те аталған) туып, есken Жұсіп Баласағұн. Жұсіп бұл қоғамдық-әлеуметтік мәні терең халықтың моральдық-әстетикалық программасы іспеттес еңбегін 54 жасылда (Түркия ғалымы Рашид Рахмати Араттың жобалауы бойынша) жазған. Ежелгі Баласағұның сол кездегі әмірі Бұғра ханға тарту еткен. Хан онын еңбегін жоғары бағалап «Хас Хажыб» деген атақ берген. Сөйтіп, Жұсіп хас Хажыб Баласағұн деген аты дүниеге тараған... Поэма-дан айқын байқалып тұрғандай Жұсіп Баласағұн өз заманының озық ойлы энциклопедист ғалымы, философ, адам жанын нәзік сезінген ақын. Шығыс поэзиясы мен мәдениеттің қоғамдық-әлеуметтік диалектиканы кемел біліп түсінген ойшыл білімді қайраткер. Астрономия, математика, жаратылыс, қоғамдық қарым-қатынастар заңдылығын жетік білгені анық» — дейді. Бұл сөздерден Жұсіп Баласағұн бабамыздың кеменгер, ақылды ғалым екенін, оның есімі мәнгі құрметпен аталатын жерлесіміз екенін мақтаныш етуіміз керек. «Құтты білік» поэмасын адамгершілікке талпынған үрпақтардың баршасы, сонын ішінде ел басқаруыш азаматтар оқып, иелеп алулары керек деген пікірдеміз.

Сөйтіп, біздін іздел жүрген Баласағұн тек Жібек жолындағы саудасаттықтың күшейген қаласы ғана емес, ол біздін ертедегі бабаларымыздың дамытқан рухани мәдениеттіміздің ірі орталықының бірі. Бұл қаладан тек қана Жұсіп хас-Хаджиб Баласағұн ғана емес, көптеген ғұлама ғалымдар шыққан, әкесі Барысханда туған Махмуд Қашқар да бұл қалада талай болғанын өзінің ғылыми мұрасында атайды.

Көпшілігінде Баласағұн шаһарінен шығып, дүниеге әйгілі аты шыққан бір топ ғұламалардың ішінен қазіргі оқырмандарға көбірек таныстары М. Қашқар мен Ж. Баласағұн болып келсе, енді үлттық ғалымдары-

мыздың өсуі мен қазақ тарихына, әдебиетіне, тіліне жалпы мәдениеттімізге бірқанша жаңалықтар етіп қалды. Солардың бірі, 1991 жылы «Жұлдыз» журналының 10, 11 сандарында профессор Эбсаттар Дербісәлиевтің «Жылғадан басталған дария» атты еңбегінде Қазақстан Республикасының топырағына кіндік қаны тамған, ортағасырдағы мәдениеттімізді дамытуға атсалысқан бірқанша ғұламалардың есімдерін атап, олардың еңбектеріне азды-көпті тоқталған. Сол ғұламалардың ішінде, бұрын бізге белгісіз Баласағұн шаһарінен шыққан оқымыстылар да бар. Солардың бірі Эбу Абд Алла Әл-Баласағұни. «Ғалымның өз аты — Абу Абд Алла Мұхаммед әкесінің ныспсысы — Муса. Баласағұн оның Баласағұн қаласында туылғандығын білдіреді. Бірақ Иакут ар Руми жерлесіміздің қай жылы туылғандығын айтпаған. Оны тек Сирия астанасы Дамаскіде — 1112-жылы қайтыс болды деумен шектелген. Соған қарағанда баласағұндық ғалымның кіндігі 1040-1050 жылдар арасында кесілген-ау деп болжам жасауға болады». (Дәрбісәлиев Ә. Жылғадан басталған дария. «Жұлдыз» 1991 № 10).

Бұл жерлесіміз жөніндегі пікірін жалғастыра келіп, Ә. Дербісәлиев Эбу Абд Алла алғаш білім нәрін туған мекенінде алған деуге болады. Ол кейін сол кездері бүкіл Шығыс жүртіның рухани орталығы болған Бағдадқа сапар шегеді. Араб тілі мен әдебиеті, тарихы мен философиясын оқып-үйреніп, жақсы менгереді. Иакут ар-Руми оның араб жүртінда «Ат-түрік» деген атпен белгілі болғанына назар аудара келіп: «Ол мұсылман правосы бойынша Бағдадтағы Эбу Абд Алла аз-Дамғани әл-Ханафи (1085-1086 ж. қайтыс болған) атты қазыдан дәріс алады» деп жазады.

Осы келтірілген деректерге қарағанда жерлестері М. Қашқар, Ж. Баласағұн сияқты, Эбу Абд Алла Әл Баласағұн да алғашқы білімді Баласағұн шаһаріндегі мектеп медресесінде алып, білімін тереңде ту үшін сол кездегі Шығыс білімнің ордасы болған Бағдадта білім алған, ірі түрктен шыққан ғұламаларымыздың бірі екені кейінгі ата-басын сыйлап өскен үрпақтарын куа-

нышқа бөлейді: Осындай түріктен шыққан жерлестеріміз болған көп санды ғұламаларды Э. Дербісөлиев жарыққа шығарып отыр.

Баласағұн бірнеше атпен аталғанын араб ғалымы Ала-ад-Дин Ата-Малик Джубайни өзінің «Тарих-и бжакангушай» деген еңбегінде бұл қала «Гуз-Балыг», «Гуз-улус», «Гузорду» деп айтылғанын баян етсе, Махмуд Қашқари да бұл қаланың әртүрлі атаулары бар екенін көрсеткен. («Күз-улуш».) («Күз-урда»). Осы жерді мекендереген джикілеллер ауылдық жерлерді «улуш» деп атағанда, қалаларды «Аргу» деген. Баласағұн екі таудың ортасында орналасқанын баяндайды. Басқа да оқымыстылардың еңбектерінде бұл қалаларды екі таудың арасында деуінің себебі, ол да болса Баласағұн (бүгінгі Ақтөбе) Әулие тау, Бозжорға, Жайсан тауының басталатын жеріндегі терістікке салынған қала. Ғалымның бұл пікірі де шындыққа үйлеседі.

Махмуд Қашқари Баласағұнға жақын жатқан жерлердің, қалалардың атын атайды. Оның төнірегінде үлкенді-кішілі қалалар, ауылдар көп болған. Олардың кейбіреулері Баласағұнмен жалғасып жатқан. Солардың бірі Қырықүй қаласы. Осы күнгі Ақтөбе қаласы солтустікке қарай созылып Тасөткелмен жалғасқан. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ өзендерінің Тасөткелге құйған жерінде Қырықүй қаласы орналасқан. Бұл жердегі қала түрғындары, әрине қырық үйден көп болған. Бұндай атаулы қазақтар көп үлттан құрылған ауылдарды да, көп санды үйлерден құрылған қалаларды да осылайша айта беретіні баршаға мәлім Қырықүй қаласында Шу өніріне әйгілі болған Ағыбай батыр жасаған. Оның үрпағы Ендібай Базылбаев 63 жаста, осы Ақтөбедегі Калинин колхозында тұрады. Жібек жолы Аспара қаласынан шығып, Аспара, Ойранды, Құрак, Сұлы, Сарғау өзендерін басып өтіп, Тасөткелдің қасындағы Қырықүй қаласына келген.

Жоғарыдағы келтірген әдеби деңгектерге қарағанда Баласағұн Шу өніріндегі өте қолайлы жерге орналасқан, халқы көп, үлкен, ертедегі ортағасырлық қала болғанына ешкім күмәнданбауы тиіс. Бұндай дүниеге әйгілі Баласағұнды Бурана

қалашығымен, Ақбешіммен салыстырудың еш ғылыми түрғыдан реті келмейді.

Енді, Ақтөбедегі көп жылдардан бері жүріп жатқан археологиялық зерттеулердің нәтижесіне көз жіберейік.

Араб және парсы ғалымдарының жазғаныңдай, Ақтөбе түрмиска өте қолайлы жерге — Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Шарғау өзендерінің Шуға құятын төменгі ағыстарына орналасқан. Бұл өзендердің сулары мол, же-рі біркелкі тегіс және ауа райы жұмсақ. Қала тамаша жерге салынған. Оның жалпы көлемін анықтау үшін, 1980 жылы самолетпен 200 м. биіктікten суретке (аэрофотосъемка) ту-сіріп, Ақтөбенің аумағы анықталды. Ақтөбенің орталық жерінің көлемі 70 шаршы км. Қала бірнеше қатар ормен қоршалған. Әсіресе, Ақтөбенің батыс жағы көбірек қоршалған. Ордың сыртынан ені 8—10 метр канал жүргізіліп, оның ішінен су ағып түрған. Бұл каналды жергілікті түрғындар Дода (рудын аты) деп атайды. Одан аққан сумен егістік жерге су апарса, негізінде ол канал қорғанышта. Қала бірнеше рет ормен қоршалған. Бұл қорғанының дуалы пахсадан (саз) соғылған. 700—800 жылдай қирап жатса да олардың биіктігі 4-5-6 м. және табанының ені 18—20 м. болып сақталып келген. Қала өмір сүріп түрған кезде, бұл қорғандар биіктігі көрсетілген биіктікten әжептәуір биік болса керек. Жалпы картада көрсетілген Қорғаның ұзындығы 52 км. Қалаға кіретін бірнеше қақпалар (дарбазалар) болған. Осындай ұзындықтағы, биіктікегі және енділіктегі қорғанды Бурана сияқты кішкентай қаланың түрғындарының салуы мүмкін бе? Бекіністің тек ішіндеған емес, оның сыртында көптеген қала түрғындары мекен еткен. Олардың қоныстары үлкенді-кішілі төбелер болып, қазірге дейін сақталған. Ол қоныстардың қастарында түрғандардың кора-копсылары, бау-бақшалары және түрмиска керекті құрылғыс орындары салынған. Осындай қоныстар бір-бірімен тығыз жалғасып жатқан. Самолеттен түсірілген картада осы қоныстардың орындары, егістік жерлер, суару жүйелері және кешелер жақсы, ашық көрінеді. Қаланың төнірегін көптеген қарауылтөбелер

қоршаған және олардың аралары 1-2 шақырымнан аспайды. Соған қараганда, сақшылар бір-бірімен толық хабарласып тұрған болуы тиіс. Олардың кейбіреулерін зерттегендеге, бұл төбелер саз балшықтан соғылғаны байқалды.

Самолеттен түсірілген Ақтөбе қаласының картасына қарап, қаланың гүлденіп өсken кезіндегі тұрғындардың санын шамамен жобалауға болады. Қаланың орталығындағы салынған құрылыштың көлемін (700 гектар) алсақ, Таяу Шығыстағы мұсылман елдерінің қалаларының тұрғындары бір гектар жерде 500 адам жасаған болса, Ақтөбенің орталық бөлігінде 350 мыңдай адам тұрған. Сол елдердің есебі бойынша, бір гектар суармалы жерде 50 адам жасаса, Ақтөбедегі суармалы жердің көлемі 1500 га. Солай болса, егістік жердегі қала тұрғындарының саны 75000 адамға тұра келеді. Жиі-жіңі салынған үйлердің орны 1000 гектардай жерді алып жатыр. Бұндай жерде 250000 адам жасаған. Осылардың бәрін қосқанда, Ақтөбеде 675000 адам өмір сүрген. Қаланың қорғанының сыртындағы жерді қоса есептегендеге, Ақтөбенің жалпы көлемі 15000 га. болып, қала тұрғындарының саны бір миллионнан асады. Бұндай есеп, жалпы дүниелік қала халықтарын есептеп шығару заңдылығына қайшы келмейді.

Самолеттен түсірілген картада ертедегі суару жүйелері жақсы көрінеді. Қаланың тұрғындары жоғарыдағы айтылған өзендердің, соның ішінде Ақсу мен Қарабалтасын сүйнек пайдаланған. Қала тұрғындары ірі-ірі су жүйелерін салған. Солардың ең үлкені Дода, Қожай тоғандары.

Үлкен ортағасырлық қалалардай Ақтөбе де уш бөліктен құрылған. Қаланың қақ ортасында, Ақсу өзенінің сол жағасында биіктігі 20 м. үлкен төбе бар. Оны жергілікті тұрғындар кейінгі кезде Ақтөбе деп атап кеткен. Бұл төбе қаланың цитаделі (кухендизі). Оның солтүстік жағы — 35 м. батысы — 60 м. онтүстігі — 80 м. шығысы — 50 м. Жалпы цитадельдің көлемі 7-8 га. Шахристанның көлемі 20 га. Қалған жері — рабад. Ол үлкен көлемдегі жерді алып жатыр. Қаланың қайғасырларда жасағанын білу үшін, цитадельдің және шахристанның үстінен төмен

қарай (разрез) кесік, түсіп, табылған археологиялық заттарға сүйеніп, естеліктің өмір сүрген дәуірін анықтады.

Ақтөбенің солтүстік-шығыс — шығыс мұнарасының тұсынан жоғарыдан төмен қарай ені 7-8 м. терендігі 10—12,5 м. ұзындығы 22 м. қазба түсірілді. Бұл жұмыс 3 жыл бойына созылды. Қазылған жер 22 квадрат-қа бөлініп қазылды. Кездескен заттар, ярустар қабаттар бойынша есепке алынды. Қазба жұмысы ескерткіштің ұлттанындағы жерге жеткізілді.

Осы археологиялық зерттеудің нәтижесінде, цитадельдің көп қабаттан құрылғаны анықталды. Оның сыртқы бекініс қабырғасы үш кезеңде салынған. Бірінші кезеңге жататын жерден әртүрлі қыштан істелген ыдыстар табылды (үлкенді-кішілі құмыралар, ыдыстар, шырактар және тағы басқа бүйімдар). Бұл ыдыстардың барлығы үй түрмисына қолданатын, қолөнершілердің қыштан істеген бүйімдары. Олар Орта Азиядағы Панджикенттен, Қазақстандағы Отырар қаласынан табылған VII-VIII ғ. жататын қыштан істелген ыдыстарға ұқсас. Цитадельдің 5-қабатының деңгейінен, құлдің ішінен VII-VIII ғғ. жататын түркештердің 5 мың тенгесі табылды. Бұл тенгелердің шеттерінде үш тіс тәрізді белгілері бар. Бұрынғы ортағасыр қалаларынан сирек болса да табылған түріктердің тенгесінде ондай ерекшеліктер байқалмаған. Соған қараганда, Ақтөбенің өздерінің астанасы еткен түріктер осы қалада өздерінің ақшасын шығарған болса керек. Тарихта белгілі, біздің әрамыздың V-VI ғғ. Жетісу, Шу, Талас өнірлерінде Түркеш қағанатының жасағаны. 603 жылы жалпы түріктер Шығыс және Батыс болып екіге бөлінбестен бүрын да бұл жерлерді түрік тілдес тайпалар да мекен еткен.

Бұнан кейінгі екінші кезеңде көптеген археологиялық деректер шықты: ұмдар, құмыралар, қазан, жебе үштары және басқа бүйімдар. Бұл заттар Отырардан, Құланнан табылған заттарға ұқсас. Колға түсken археологиялық деректерге қарағанда, цитадельдегі екінші кезең VII-IX ғғ. тұра келеді. Бұл карлуктар билік жүргізген кезең. Бұл кезде ежелгі мәдениет айтарлықтай өзгеріске

ұшырамаса да, цитадельде үлкен құрылымы жүріп, ол бұрынғыдан мұқты бекініске айналған.

Ушінші кезеңде цитадельге үстеме құрылыштар салынып, өзінің сыртқы көрінісін, көлемін өзгерткен. Нәтижеде цитадель өте үлкен бекініске айналған. Қазылған кезде қабырганың ішінен көптеген археологиялық заттар қыштан істелген әртүрлі ыдыстар — құмыралар, дастарханың сыныктары, қазан, ыдыстар, мыс шырактар және тағы басқалар шықты. Табылған заттардың көбі Орта Азия және Қазақстандағы ортағасырлық қалалардан шыққан қыш бұйымдарына ұксас келеді. Осы деректерге қарағанда, цитадельдің үшінші кезеңі IX-XII ғғ. туралы келеді. Бұл кезең Қарахан және Қарақытай (Қарақидан) әулеттерінің үстемдік еткен кездері. Қарахан әулетінің ең үлкен ханы Баласағұнда жасаған. Сондықтан да қазіргі Ақтөбе деп аталатын қоныстың цитаделінен табылған заттар Қарахан дәуірін көрсетеді. Ал Қарақытайлар кезінде мәдениеттің төмөнделеп кеткенін байқаймыз.

Цитадель мен Шахристанның өмір сүрген кезеңдерін анықтаған соң археологиялық қазба жұмыстары 1974 жылдан бастап цитадельде, Шахристанда және рабадта жүріп жатыр. Бұл арада әртүрлі ғылыми басылымдарда М. Елеуовтың, Н. Алдабергеновтың Ақтөбе туралы бірнеше мақаласы басылғанын ескертे кеткен жен.

Ақтөбедегі жүргізілген археологиялық зерттеудің басым көпшілігі цитадельде жүргізілді. Нәтижеде Ақтөбенің өзі патшалардың орналасқан комплекстік сарайы және бекінісі екені анықталды. Бекініс пахсамен — қам кірпіш бірнеше қабаттан салған дуалмен қоршалған. Оның ішінен он бестен астам үлкенді-кішілі бөлмелер, едені қыш кірпіштен төсөлген алан, астынан жылжытатын шығыс моншасы, пайдаланған суды сыртқа шығаратын қыштан істелген үлкен құбырлар және т. б. сол сияқты заттар табылды. Ақтөбенің үстіңгі қабатында бөлмелердің алдында қалқа (навес) орны бар. Еденіне күйген қыш кірпіш төсеген. Айванды қөтеріп тұратын колонналардың астына аумағы 55х55х5 см. күйдірлігендегі кірпіштер қойған. Цитадель-

дің алаңына шығыстан және оңтүстіктен кіретін екі қақпа (дарбаза) арсылыды. Осы орындарды қазып шығарғанда көптеген археологиялық заттар табылды.

Кейінгі жылдарда Шахристанда екі жерден археологиялық қазба жұмысы жүргізілді. Бұларды шартты турде 1-Шахристан, 2-Шахристан деп атады.

1-Шахристанның үстіңгі қабатынан көптеген түрғын үйлер ашылды. Зерттеудің барысында үй түрмисына керекті қыштан істелген көптеген ыдыстар: құмыра, дастархан, тандырлар, қоладан істелген шырактар, шойын казандар, кетпен және басқа да көп бұйымдар табылды. Осы бөлмелердің біреуінен Қарахан дәуірінің қоладан істелген 4 мыңдай тенгесі шықты. Қарахан дәуірінің бүндай тенгелері Орта Азия және Қазақстанның ортағасырлық қалаларынан табылған. Бірақ, бүндай көп көлемде бірінші Ақтөбенің цитадель, шахристан, рабадтардың мәдени қабаттарынан да шашылып жатқан қоладан соғылған ақшалар табылған. Солардың 35 данасын Қазақстанның белгілі археолог нумизматы Р. З. Бурнашева ғылыми түрғыдан жазып, жарыққа шығарған болатын. Осы ғалымның айтуынша, ғылыми түрғыдан зерттеліп отырған тенгелердің бәрі де қоладан соғылған. Олар VII-VIII және XI-XII ғғ. тиесілі. VII-VIII ғғ. жататын, тенге түрік-түхус тайпаларының ақшасы болса, 3 тенге түргештердің екені анықталды. Тургештердің тенгелері Шу, Талас алқаптарына VIII ғ. бас кезеңдерінде тарағаны мәлім. Қалған 25 тенге XI-XII ғғ. жататын қарахан дәуірінің дархамдары. Р. З. Бурнашеваның анықтауына қарағанда X-XII ғғ. Шу, Талас өңірлерінде ақша шығаратын орындар Баласағұнда, Таразда, Барсханда болған. Бұл еңбектен кейінгі бес жылдың ішінде Ақтөбенен көптеген тенгелер және жоғарыда айтылған 4000-дай тенге табылды. Бірақ бұл күнды археологиялық деректер әлі толық зерттелген жок. Ол алдағы іс. Барлық табылған археологиялық заттар және бұйымдар VI-XII ғғ. жасаған түріктердің мәдениетін сәулелендіреді. 2-Шахристан Ақтөбенің оңтүстік жағындағы шахристанның шетін-

де орналасқан. Бұл жерден де үлкен қоныс ашылып 13 бөлменің беті аршылды. 2-Шахристан қонысы бір-біріне жапсырып салған екі белік үй жайдан құрылған. Үй жайдың бірінші жартысы бөлмeden күрылған. Оның аланды солтүстікке қараған болса, жартысы 8 бөлмeden тұрады. Оның сыртқы есіргі батыстағы алана қараған. Бұл қоныс үлкен патриархалдық семьяның үй жайы сияқты. Қазба жұмыстың барысында 2-Шахристан үш қабатты қоныс екени анықталды. Бұл тұрғын үй де екі дәүірдің естелігі екен. Үстінгі қабатында IX-XII ғғ. мәдениеті жатса, астыңғы қабатында VI-XIII ғғ. бейнелейтін деректер табылды. Осы шахристандары ашылған бөлмелердің ішінен бөренелердің көмірі, күл, т. б. сондай өрттен қирағанын дәлелдейтін заттар көтеп кездеседі. Соған қарағанда, қала жалпы өртке үшыраған болуы тиіс. Бөлмелердің ішінен, оның дуалдарына қадалып қалған садақтың оғының үші жиі табылады. Бұлардың бәрі қала жаугершіліктің нәтижесінде өртенніп, жау оны жермен жексен етіп, қайта қалына келтіре алмастай етіп кеткен деген пікірге еріксіз келесіз.

Жоғарыда қысқаша келтірілген көпжылдық археологиялық зерттеудердің нәтижесі тарихи Баласағұның жасаған өмірін сәулелендіреді. Цитадельден, Шахристаннан және рабадтан табылған заттай және рұхани мәдениеттің қалдықтары біздің жыл санауымыз бойынша V-XIII ғғ. жатады. Жеті жұз жыл бойына тұрік тайпасының ең үлкен астанасы болған Баласағұның тарихи сахнадан қалай шыққаны, оның орналасқан жері жұмбак болып келе жатыр. Әдеби, археологиялық, этнографиялық деректерге қарағанда, әлемге әйгілі Баласағұн қаласы өзара феодалдық соғыстардың нәтижесінде қираған болуы керек.

Бұны дәлелдеу үшін мынандай мысалдар келтірейік. 1130 жылы Баласағұнды қарақытайлар (қарақидандар) жауап алған. Қашқардан келген Гурханды Баласағұнда хан көтерген. Оның кейінгі мираскорлары да осы атпен аталған. Осы хандардың бірі болған Гурханның кезінде 1210 жылдың август-сентябрь айларының ішінде, Талас өзенінің жағасында Хорезмнің шахы Мұхам-

медтің әскері мен Гурханның әскерлері ортасында шайқас болған. Бұл соғыста Хорезмнің ханы жеңіп шыққан. Бірак сол жерден Мұхаммед еліне қайта оралған. Женілген Гурхан Баласағұнға қалған әскерімен қайтып, жолдағы өзінің елін тонап, бұлдіріп. Баласағұнға жеткен. Астананың тұрғындары өздерінің ханын қалаға кіргізбеген. Қала халқы он алты күн бойы Гурханның әскерлерімен соғысқан. Себебі, бұл ханды қала тұрғындары жек көрген, ол ете жауыз болып, қоластындағы халықтарға азап көрсеткен. Ақыры, сатындардың жәрдемімен, соғыста қолға тұсірген пілдерінің жәрдемімен Гурхан қалаға кіріп, үш күн бойына Баласағұнды өртеп, тонап, тұрғындарын қырған. Осы апатта Баласағұнды мекендеген тұрғындардың ішінен 47000 белгілі адам өлтірлгені тарихи деректерде баяндалған. (Бұл қырғында Баласағұнның барлық тұрғындары түгел жойылмаған, өлтірлгендер тек басшы адамдар екені ашық жазылған. Олай болса, тек опат болған адамдарды Бурана қаласының ішіне қаз-қатар қойғанда да сыймайды ғой).

М. Қашқарі осы еңбегінде түрікмен халқының келіп шығуы туралы Александр Македонский атымен байланысты ақыз кітабында келтірілген. Сонда «Баласағұн қаласына акқұтан (ләйлек) жыл сайын үялап, одан әрі үшып кетпейді» деген. Қазіргі сол жердің тұрғындарынан сұрастырсақ, шындығында да акқұтан жақынға дейін «Калинин» колхозының орталығындағы үйлердің биік теректерінің басына үя салып, өзінің балапандарын шығарып, оңтүстікке қарай құзде қайтатының көптеген тұрғындар айтты. Бұл құсты жергілікті тұрғындар киелі құс деп білген. (Жалпы ислам дінін дәріптейтін халықтардың баршасы да бұл құсты киелі, қасиетті құс деп біледі). Оның ел арасына келуі адамдарға қуаныш, бақыт әкеледі деген нағым болған.

Ақтөбенің оңтүстігінде қарауылтәбелер орналасқан биік тәбе бар, оны қазіргі кезде Бозжорға тауы (төбесі) деп атайды. Осы қаланың солтүстік-шығысында Тасөткелден Шығыска созылып жатқан тау жотасы бар. Қазіргі кезде оны Жайсан (Бақырлық тау) тау деп атайды. Сейтіп, Баласағұн екі таудың

арасында орналасқан дегенге орай, екі таудың арасындағы тегістікте, өзендердің жағасында көміліп, үлкенді-кішілі сансыз тәбе болып жатыр.

М. Қашқари айтқан Баласағұн тауы да Ақтөбенің қасына орналасқан. Түріктердің дәруші Құлбак Баласағұн тауын мекендерген екен. Ол өзінің қолымен тау тасыны «Тенгри коулы Құлбак», яғни «Құлбак — құдайдың кулы» деп ақ тасқа қара бояумен жазып кеткен. М. Қашқаридың осы сезі бойынша зерттеу жүргізсек, Баласағұн (Әулиетау) жоғарыдағы аты аталған Тасөткел су қоймасының солтүстік-батыс жағына орналасқан екен. Бұл тауды қазірдің өзінде жергілікті халықтар «Әулиетау» дейді.

«Әулиетауды» анықтайдын тағы бір дәлел — Тасөткелдегі Тасқаладан 1982 жылы табылған түйенің жауырынына жазылған жазу. Осы сүйектің екі бетіне қара сиямен жазылған жазуларды Өзбек ССР Фылым Академиясының Шығыстану институтының профессоры Бөрі Ахметовке оқытқанда, мынандай сездердің бар екені анықталды: 1-қатардағы сөздер: «Құлуктың қызы Мийан Қабар»; 2-қатарда — «Құлуктың баласы Чунисі»; оның екінші бетінде — «Мухаммед Махр Құлук»; 5-қатарда — «Барқұлук Алидің ұлы» оның екінші бетінде — «Құлук Махр» 6-қатарда — Құлук Алидің тағы бір баласының есімі, естіп жалғаса береді.

Осы сезге сүйенсек, Баласағұнда өмір сурғен, өз заманында әулие деген атты иеленген Құлук деген әйгілі дәруіш болған. Ал осы жауырында Құлук әулиенің ататегі баян етілген. Құлуктың есімі Жүсіп Баласағұннің «Құтты білік» еңбегінде Құліп деп дәл аталса, Махмуд Қашқаридың «Диuan лұғат ат түркінде» Құлбак дәп берілген. Бұл деңгектердің айтуы бойынша ол кісі Баласағұн тауларын мекендей, сол кісінің құрметіне бұл тауды «Әулиелі» жер деп атап кеткен. Құліптің сүйегі де Баласағұн тауына жерленген.

Баласағұнда туған, әлемге аты кен тараған энциклопедиялық ғалым Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білігінде»:

Адал қызмет еткің келсе, кел, біліп...

Мұндайлардан тый өзінді, ей Құлік! Жақын тартып, бұл көnlің тогаяр, Менің де, ізет ықыласын молаяр! — дейді. Бұл келтірілген шумақтан Жүсіп Баласағұннің Құлік әулиеге сыйынғанын байқау қын емес. Ж. Баласағұн XI ғ. жасаған ғалым. Оның жасаған кезінде Құлік «Әулие» ретінде түрік тайпаларының арасында әйгілі адам болғаны көрінеді. Сондықтан, ғалым Құлікке етініш ретінде адамдардағы жаман қасиеттерге тыым сала көр, сонда менің де ізет-құрметім байыйды деген пікірді білдіреді. Сөйтіп, М. Қашқаридың жазған Құлбак әулиесі мен Ж. Баласағұннің Құлік деген адамы, екеуі де бір кісінің есімі деген тұжырымға келеміз. Құлік Баласағұн тауын мекен еткен және Ислам дінін уағыздаған алғашқы батыс түріктердің ірі уәкілдерінің бірі болған. Құліктің атымен Баласағұн тауы «Әулие тау» деп аталып келе жатқан. Міне, сол тау осы күнгі ортағасырлық Ақтөбенің солтүстік-батысында орналасқан. Сөйтіп, Махмуд Қашқари жазған Баласағұн тауы, бұрынғы Баласағұн қазіргі Ақтөбе ортағасырлық қаланың қасында екені анықталды. Біздің сөйлескен қарияларымыз «Хулие тау» Шу өңіріндегі қазақ және қырғыздарға белгілі жер десті: Жұрт бұл тауды құрметтеп, оған сыйынады. Керек десеніз, ертеде қазақ пен қырғыздардың және өнірді жайлаған тұрғындардың қасақалдары жылына бір рет «Әулие тауға» жиналып, таудың басына шығып кенес құрып, халықтар арасындағы шешілмей жатқан мәселелерді талқылап, бір шешімге келіп отыратындары әлі күнге дейін адамдардың есінде сакталған.

Махмуд Қашқари: «Баласағұнға жақын жатқан жердің аты Бақырлық» — дейді. Сонан кейін Бақырлық таудан мыс қазылады деп түсінік берген. Осы М. Қашқаридың айтқан Бақырлық тауды да таптық. Бұл тауды қазіргі кезде Жайсан тауы деп атайды екен. Ол үшкे бөлініп аталауды: Балажайсан, Ортажайсан және Қадіржайсан. Жайсан тауының шығысы Кордай тауымен жалғасып жатыр, оның батыстыстыгі Тасөткелмен шектеседі. Жайсан тауының табигаты адамның тұрмысына қолайлы жер. Таудың ішінде:

Үнгірлі, Шатырқұл, Үшмайтас, Теміркіті Бұқпан және Сүлікті өзендері бар. Осы өзендердің бойлары ерте заманнан, яғни Қола және Темір дәуірлерінен бастап-ақ адамдардың қоныс басқан жері екені көрінеді. Оған дәлел. Жайсанда қола және темір замандарының естеліктері көп сақталған. Ертедегі мис қорытқан көндердің орындары Орта Жайсан тауында сақталған. Олардың көлемі 5-6 км жерді алып жатыр. Бұл жер қазір Шатырқұл кеңі деп аталауды.

Жайсан тауының түсті темірінен Ақтөбенің (Баласағұнның) түрғындары кең пайдаланған. Осы кеннен тек қана мис емес, алтын, күміс деңесін шойын өндірлген. Эртүрлі темірлерден жасаған бұйымдар Ақтөбедегі қазба жұмысы кездерінде жыл сайын табылуда. Мысалы, Ақтөбенде мыстан, күмістен істелген әдемі шырактар, түрлі-түрлі ыдыстар, түймелер, біләзіктер, сырғалар, ақшалар, садақтың ұштары және сол сияқты түрмиска керекті бұйымдар табылды. Шойыннан жасалған үлкен қазандар, тісағаштың тісі, қара темірден соғылған балғалар, кетпендер, шотбалта және басқа темір бұйымдар. Тек, бір бөлмені ашқанда Қарахан дәуірінің құмыраға салған 400 мис ақшасы табылды деп жоғарыда айтқан едік. Онын салмағы 20 кг астам. Бұлардан басқа да жыл сайын археологиялық қазба жұмысы кезінде, мис теңгелер, сом мыстар, моншақтар табылады. Осы бұйымдардың көптеп Ақтөбеде кездесуін көздесоқтық деп қарауға болмайды. Ақтөбеде қолөнер кәсібі жоғарғы дәрежеде дамыған. Солардың ішінде, темірден тамаша бұйымдар шығаратын зергерлер, темір ұсталары болып, олар темірді өте жақын жерден алған. Жайсан, Шатырқұл көндері бар тау Қашқари жазып қалдырыған «Бақырлық тауы» екеніне күмәндандуға болмаса керек. Бұл тау қазіргі Ақтөбен, бұрынғы Баласағұннан 30—40 км жерге орналасқан.

Махмуд Қашқари Баласағұнға жақын жерде Юн-Арық (Жон-Арық) деп аталағын жайлау бар екенін жазған.

Ғалымның осы сөзін қуалап, Жон-Арықты іздесек, Ақтөбенде «Луговойға» қарай бұрынғы Құлан қала-

сы созылып жатқан жазықтық жер екен. Бұл жер Баласағұн сияқты үлкен қаланың жайлауына өте лайықты. Бұл жайлау Ақтөбенде басталып Мерке ауданының солтустігінде Луговой ауданының шығысындағы Шу ауданының батыс-оңтустігіндегі кең жазық жерлерді алып жатыр. Осы жайлаудың арқа жағы Мойынқұммен жалғасады. Жері жаз жайлауға өте қолайлы. Бұл жерде үлкенді-кішілі бірнеше өзендер бар: Тоқташ, Сарғау, Құрғак, Ойранды, Аспара, Қызыған, Ойтал өзендері ағып, олардың барлығы Құрғайты өзеніне құяды. Құрғайты осы күнгі Кенес аулының тұсынан шу өзеніне қосылады.

Түйіл айтсақ, араб түрік ғалымдарының, әсіресе, Махмуд Қашқаридың еңбектерінде көрсетілген. Баласағұнның төнірегіндегі жер атамалары, осы күнгі Ақтөбе қаласының атырабына орналасқаны айдан анық көрініп тұр. Бұл түрпatty жерлерді Қырғызстандағы Баласағұн деп жүрген Ақбешімнің, Бурананың төнірегінен ешқашан да табуға болмайды.

Сонымен, Ұлы Жібек жолының үстіндегі 6-7 ғасырлар бойына Батыс түріктердің ірі астанасы болған, аты әлемге әйгілі, отырықшы мәдениеттің ірі орталықтарының бірі Баласағұн қаласы, осы күнгі Ақтөбе деп аталағын ортағасырлық қаланың орны екеніне күмән жоқ. Біз ортағасырдың әдеби деректеріне, археологиялық қазба жұмыстардың нәтижелеріне географиялық деректерге, халық арасынан жиналған этнографиялық-фольклорлық мағлұматтарға сүйене отырып, осындағы қорытындыға келдік. Ғасырлардан бері орны белгісіз болып келе жатқан Баласағұн қаласын тек археологиялық деректермен шешу өтескін. Соңықтан, бұл проблеманы түбекейлі шешу үшін жанжақты мағлұмат жинауға турға келді. Қайталаپ айтсақ, Қырғызстандағы аты аталаып жүрген Ақбешім мен Бурана Баласағұн бола алмайды. Себебі, екеуінің де көлемдері тарихта белгілі Баласағұнның орналасқан жерінен кем. Тарихи деректерге Баласағұн Талас (Тараң) қаласының солтустік-шығысында, Жібек жолының бойында. Таластан 200—250 км жерде орналасқан де-

лінсе, оған дәл осы күнгі Ақтөбеге тұра келді. Әдебиеттерде көрсетілген Баласағұнның төңірегіне орналасқан қалалардың, ауылдардың және ірі су жүйелерінің аттары аталған болса, олар да осы күнгі Ақтөбенің маңында сол аттарымен тұр.

Көп жылдардан бергі Қазақ университетінің археологиялық экспедициясының Ақтөбе жүргізіп жатқан қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған археологиялық деректер Баласағұнның өмір сүрген кезеңдерін толық айқындайды. Алып жатқан жерін, оның төңірегін тексеріп қарағанда Ақтөбенің үлкен астаналық қала болғанда көз жеткізу киын емес. Қазіргі Ақтөбе бұрынғы Баласағұн екенін, ол Батыс түрік қағанатындағы Түргештердің (VI—VIII ғғ.) «Қарлұқтардың (VIII—

IX ғғ.) Каражандардың (X—XII ғғ.) және Қарақідандардың астанасы болғанын археологиялық деректер жеткілікті дәрежеде дәлелдейді.

Халқымыздың ортағасырлық тарихында өзгеше орны бар, ірі экономикалық, әкімшілік орталығығана емес, өз кезінің мәдениет ордасы да болған Баласағұн қаласының ашылмай жатқан сырты әлі де көп. Осы тұрғыдан алғанда, еліміздің неше мың жылдық тарихында тексерілетін, айқындайтын, бүгінгі үрпаққа танытатын тарихи мұраларымыз Баласағұнмен ғана шектелмейді. Бірақ сол Баласағұнның ғана өзінде неше жұз жылдық тарихымыз жатыр-ау!...

Уахит ШӘЛЕКЕНОВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор.